bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ**

# Музейдегі көне заттар

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 28.03.2020 | https://bilimger.kz/67643/ |

| | |
|---|---|
| Мектеп: Ақтөбе қаласы,<br>№ 60 ЖББОМ | Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Өнер |
| Сабақ тақырыбы | Музейдегі көне заттар |
| Күні: 28.01.2020 ж. | Мұғалімнің ТАӘ: Калибекова К.Ж. |
| Сынып: 3 «И» | Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабаққа негізделген оқу мақсаты | 3.2.4.1-Жоспар «сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау<br>3.5.1.5-Үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің қолдауымен құрмалас сөйлем құру |
| Сабақ мақсаттары | **Оқушылардың басым бөлігі:** тыңдаған мәтіндегі сөйлемдердің мазмұнын түсінеді. Үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем құрайды.<br>**Оқушылардың көпшілігі**: Сызба, жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айтады. Тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>**Оқушылардың кейбірі:** тақырып аясында өздері барған музейдегі көрген қызықтарымен бөліседі. |
| Бағалау критерийлері | · Сызба бойынша мәтінді мазмұндайды.<br>· Орын тәртібін сақтай отырып, сөйлем құрастырады. |
| Тілдік мақсаттар | Лексикалық минимум : Көне заттар, құмыра, ыдыстар |
| Грамматикалық минимум | Мен бардым , сен бардың, ол барды.<br>Мен барамын, сен барасың, ол барады |
| Құндылықтарды дарыту | Ұлттық құндылықтарды сақтауға тәрбиелеу. |
| Пәнаралық байланыстар | Дүниетану |
| АКТ қолдану дағдылары | Интербелсенді тақта, таныстырылым |
| Бастапқы білім | Музей қай көшеде? |

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығулар | Ресурстар |
|---|---|---|

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| Басталуы<br>6 мин. | **Психологиялық дайындық.**<br>Қара достым, жан-жаққа,<br>Дайынсың ба сабаққа?<br>Орнында ма қараңдар<br>Кітап, дәптер, қаламдар?<br><br>Қарадық біз жан-жаққа.<br>Дайынбыз біз сабаққа.<br>Орнында тұр барлығы<br>Бастайық біз сабақты.<br><br>**Топтастыру. Фигуралар арқылы топтастырамын.**<br>**Сынып** үш топқа топтасады. Топ басшылары сайланады.<br>«Ашық микрофон» әдісі арқылы үй тапсырмасын айтады?<br>— Бұл қай музей?<br>— Орталық музей.<br>— Орталық музей қайда орналасқан?<br>— Орталық музей Алматыда Назарбаев көшесінде орналасқан.<br>— Музейде нелер бар?<br>— Онда көп экспонаттар бар.<br>— Музейге кімдер көп келеді?<br>— Оқушылар, студенттер, саяхатшылар.<br>—<br><br>**5**-тапсырманы тексеру | Сурет қиындылары |

| 1 топ сұрақ қояды | Қандай? Қашан? Қайда? | 2-топ жауап береді | 3-топ бағалайды |
|---|---|---|---|
| ...музейлерді білесің? | | | |
| Музейге ... барасың? | | | |
| Музей ... ашылады? | | | |
| Музей жабылады? | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ой қозғау.** Оқушыларға интербелсенді тақтадағы суреттер арқылы тараудың тақырыбын болжату. Оқушыларды суреттер негізінде сұрақтар қойып, коммуникативтік қатынасқа тарту.<br>— Суреттен нені көріп тұрсыңдар?<br>Оқушылар суреттер арқылы жаңа тақырыптың мазмұнын болжайды.<br><br>**Сабақтың мақсаттарымен таныстыру:**<br>1.Мәтінді сызба, жоспар бойынша мазмұндау.<br>2. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап, жай сөйлем құрастырыңдар. | АКТ<br>Суреттер |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| Ортасы<br>30 мин. | **Сөздік жұмысы:**<br>*Көне заттар – предметы древности*<br>*Құмыра – кувшин, ваза*<br>*Ыдыстар – посуды*<br>**Оқылым.** Мәтінді тізбектеп оқиды<br><br>Бұл – Орталық музей. Ол үшқабатты. Бірінші қабатта ұлттық аспаптар: домбыра, қобыз, сазсырнай бар. Екінші қабатта сандықтар, құмыралар, кеселер бар. Үшінші қабатта Алтын адам ескерткіші бар. Ол бұрын жауынгер болған. Оның киімі алтынмен қапталған<br><br>**Айтылым.**<br>Оқушылар Әлібектің музейде көрген көне заттарының сызбасын салады. Сызбаға сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айтады.<br><br>1-топ – Музейдегі заттарды сызба арқылы топтастырады<br>2-топ – Музейдегі көне заттардың суретін салады.<br>3-топ – Тірек сөздерге сүйеніп мәтіннің мазмұнын айтады.<br><br>**Дескрипторлар**:<br>· оқиғаны сурет, сызба түрінде түсіреді және түсіндіреді;<br>· тірек сөздер негізінде мазмұнын айтады.<br><br>Сыныптастар бір-бірін «Үш шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br>**Сергіту сәті.**<br><br>**Жазылым.** *Сызба бойынша жай сөйлем құрайды.*<br><br>Атам / құмыра / жуды<br>Әжем / кесемен шай / жасады<br>Әкем / ыдыстарды / ішті<br>Анам / сурет / салды<br>Ағам / киім / үтіктеді<br>Раушан апай / «Алтын адам» / бардым<br>Мен / Орталық музейге / туралы әңгімеледі | |

**Дескрипторлар**:
· Сызба бойынша сөйлем құрастырады.
· Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды.


© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| Аяқталуы<br><br>4 мин. | Үйге: 2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беру.<br>3-тапсырма. Суретке қарап сөйлемді толықтыру<br><br>**Рефлексия.** | Стикер |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.